

## **Азиялық Даму Банкі Арнаулы көмегінің жобасы жөніндегі кәдімгі операция займын пайдалану туралы**

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің ҚАУЛЫСЫ 1995 жылғы 5 тамыз N 1083

Азиялық Даму Банкі Арнаулы көмегінің жобасы жөніндегі кәдімгі операция займы қаражатын тиімді пайдалану мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. 20,0 (жиырма) млн. АҚШ доллары займы туралы Келісімге қол қою сәтінде жасалған 13472000 SDR (валюта пулы) сомасында тапшылығы алдын ала айқындалған импорт үшін қаражат бөлу қосымшаға сәйкес бекітілсін. SDR (валюта пулы) бағамы өзгерген сайын тапшылықты импорт құраластарының құны да өзгертетінін ескеру қажет

2. Займ қаражатының түсуі мен пайдаланылуы республикалық бюджет арқылы жүзеге асырылатын болып белгіленсін. Бөлінген қаражаттың орынды және тиімді пайдаланылуына, сондай-ақ оларды дер кезінде өтеу жауапкершілігі Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі мен осы займ қаражатына тауар алушылар болып табылатын ұйымдарға жүктеледі.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігімен және займды сатуға қатысушы ұйымдармен бірлесіп, займ қаражатын қайтару тетігін әзірлеп, бекітсін;

осы займды өтеу кестесіне сәйкес 1995 жылдың басынан бастап жыл сайынғы бюджет жобасында проценттер төлеуге, ал 2005 жылдан бастап - проценттер мен негізгі борышты өтеуге қажетті қаржы көздейтін болсын;

осы займ қаражатының мақсатты жұмсалыуына қажетті тексерулерді жүзеге асырсын

4. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі:

бір ай мерзім ішінде займ қаражатына дәрі-дәрмектерді негізгі алушыларды анықтау үшін "Фармация" АҚ қатысушылары арасында тендер өткізсін, тендер нәтижесін Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен келіссін;

займ сатуға қатысушы ұйымдармен бірлесіп, келесі есепті айдың 10-күніне дейінгі мерзімде займ қаражатын пайдалану барысы туралы тоқсан сайын Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің жанындағы Шетел капиталын пайдалану жөніндегі комитет пен Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне есеп беретін болсын.

5. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің жанындағы Шетел капиталын

пайдалану жөніндегі комитет: <\*>

займ сатуды жалпы үйлестіру мен Халықаралық Қайта жаңғырту және Даму Банкінің ережелеріне сәйкес тауарлар сатып алуға бақылау жасасын;

займ қаражатын пайдалану есебін жүзеге асырсын және осы мәселе бойынша есептеуді Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен Азиялық Даму Банкіне ұсынатын болсын.

ЕСКЕРТУ. 5-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 1996.08.20.

N 1031 қаулысымен. P961031\_

6. Қазақстанның мемлекеттік Даму банкі займ бойынша төлемдерді жүзеге асырсын , ай сайын Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне Қазақстан Республикасының сыртқы борышының жиынтық есебі үшін займ қаражатын пайдалану туралы есеп беретін болсын.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің  
1995 жылғы 5 тамыздағы  
N 1083 қаулысына  
қосымша

Азиялық Даму Банкі Арнаулы көмегінің жобасы

жөніндегі кәдімгі операция займы қаражатын бөлу

| (млн. АҚШ доллары)

---

Денсаулық сақтау министрлігі			
Алушыны Денсаулық сақтау министрлігі айқындайтын болады	Дәрі-дәрмектер		10,0
"Медтехника" акционерлік қоғамы	Медициналық жабдықтар		9,5
"Техмед" акционерлік қоғамы	Медициналық жабдықтарға босалқы бөлшектер		0,5
	Барлығы		20,0